

Ең төмен күнкөріс деңгейі туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 16 қарашадағы N 474 Заңы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 19 мамырдағы № 314-V Заңымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР 19.05.2015 № 314-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

МАЗМҰНЫ

Осы Заң Қазақстан Республикасындағы ең төмен күнкөріс деңгейін анықтау және пайдалану үшін құқықтық негіз белгілейді.

1-бап. Ең төмен күнкөріс деңгейі

1. Ең төмен күнкөріс деңгейі - мөлшері бойынша ең төмен тұтыну себетінің құнына тең, бір адамға қажетті ең төмен ақшалай кіріс.

2. Ең төмен күнкөріс деңгейінің мөлшерін мемлекеттік статистика саласындағы уәкілетті орган мен халықты әлеуметтік қорғау мәселелері жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган ең қажетті азық-түлік емес тауарлар мен көрсетілетін қызметтерге жұмсалатын шығындардың белгіленген үлесі қосылған ең төмен азық-түлік себетінің құнын негізге ала отырып есептеп шығарады.

3. Ең төмен күнкөріс деңгейі республика бойынша және аймақ бойынша орта е с е п п е н :

1) ж а н б а с ы н а ;

2) халықтың жыныстық-жас топтары бойынша тоқсан сайын есептеп шығарылады .

Ескерту. 1-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2005.12.15 N 101 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді), 2010.03.19 № 258-IV Заңдарымен.

2-бап. Ең төмен тұтыну себеті

1. Ең төмен тұтыну себеті адамның өмір сүру жағдайын қамтамасыз ету үшін қажетті тамақ өнімдерінің, тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің заттай және құн түріндегі ең төмен жиынтығы болып табылады.

2. Ең төмен тұтыну себеті:

1) азық-түлік себетінен;

2) азық-түлік емес тауарлар мен көрсетілетін қызметтерге жұмсалатын шығындардың тіркелген үлесінен тұрады.

3. Азық-түлік себетін мемлекеттік статистика саласындағы уәкілетті орган денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша

санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылық саласындағы уәкілетті орган бекітетін тамақ өнімдерін тұтынудың ғылыми негізделген физиологиялық нормалары бойынша есептеп шығарады.

4. Азық-түлік емес тауарлар мен көрсетілетін қызметтерге жұмсалатын шығындардың белгіленген үлесін Қазақстан Республикасының Үкіметі ең төмен азық-түлік себетінің құнына арақатынасы арқылы белгілеп отырады.

Ескерту. 2-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2005.12.15 N 101 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді), 2010.03.19 № 258-IV; 29.09.2014 N 239-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

3-бап. Ең төмен күнкөріс деңгейінің белгіленуі

Ең төмен күнкөріс деңгейі жыл сайын:

- 1) тұрмыс деңгейін бағалау мен кедейлік шегін анықтауға;
- 2) әлеуметтік саясаттың бағыттарын анықтау мен халықты әлеуметтік қолдау жөніндегі шараларды жүзеге асыруға;
- 3) айлық жалақының ең төмен мөлшерін, зейнетақының ең төмен мөлшерін және базалық әлеуметтік төлемдердің белгіленетін ең төмен мөлшерін негіздеуге арналады.

Ескерту. 3-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2005.12.15 N 101 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді) Заңымен.

4-бап. Кедейлік шегі

1. Кедейлік шегі - республикада экономикалық мүмкіндіктерге қарай белгіленетін, адамның ең төмен қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін қажетті кіріс шегі.

2. Кедейлік шегі ең төмен күнкөріс деңгейінің негізінде айқындалады. Ол республика бойынша, сондай-ақ өңірлер деңгейінде Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін тәртіппен тоқсан сайын есептеледі.

3. Кедейлік шегі табысы аз азаматтарға әлеуметтік көмек көрсету үшін өлшем болып табылады.

Ескерту. 4-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2005.12.15 N 101 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді) Заңымен.

5-бап. Айлық жалақының ең төмен мөлшерін, зейнетақының ең төмен мөлшерін және базалық әлеуметтік төлемдерді белгілеген кезде ең төмен күнкөріс деңгейінің шамасын қолдану

Тұтастай алғанда, Қазақстан Республикасы бойынша айқындалатын және жыл сайын инфляцияны ескере отырып тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңмен белгіленетін ең төмен күнкөріс деңгейінің шамасы айлық жалақының ең төмен мөлшерін, зейнетақының ең төмен мөлшерін

және базалық әлеуметтік төлемдерді белгілеу үшін негіз болып табылады.

Ескерту. 5-бап жаңа редакцияда - ҚР 2005.12.15 N 101 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді) Заңымен.

**6-бап. Ең төмен күнкөріс деңгейі туралы
мәліметтерді жариялау**

Тұтастай алғанда Қазақстан Республикасы бойынша орта есеппен халықтың жан басына шаққандағы және халықтың негізгі жыныстық-жас топтары, кедейлік шегі, азық-түлік себетінің құны және халықтың осы өлшемдерден төмен тұратын жігі жөніндегі күнкөріс деңгейі туралы мәліметтерді бұқаралық ақпарат құралдарында мемлекеттік статистика саласындағы уәкілетті орган ресми жариялап отыруға тиіс.

Ескерту. 6-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2005.12.15 N 101 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді), 2010.03.19 № 258-IV Заңдарымен.

7-бап. Осы Заңның қолданысқа енгізілуі

Осы Заң 2000 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Президенті